

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері мұғалімдеріне арналған
«Мүмкіндіктері шектеулі балаларға «Қазақ тілі мен әдебиеті»
пәндерін арнайы мектепте оқыту әдістемелері мен ерекшеліктері» атты
ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
КУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Глоссарий	3
3. Бағдарламаның тақырыбы	5
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	6
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	8
6. Оқу процесін ұйымдастыру	11
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	11
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау	12
9. Курстан кейінгі қолдау	13
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	13
11. Курстың оқу-тақырыптық жоспары	19

1. Жалпы ережелер

1. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін арнайы мектепте оқыту әдістемелері мен ерекшеліктері» атты білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының арнайы мектептерінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін беріп отырған педагог мамандарды оқыту үдерісін реттейді.

2. Қазақстан Республикасының Арнайы мектептерінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін түрлі аудиторияда оқытып отырған педагог кадрлардың кәсіби қызметін атқару барысында кездесетін қиындықтары мен қазіргі уақыттағы қажеттіліктерін зерделеп, талдау нәтижесінде дайындалып әрі мамандардың өз әлеуетін көтеру, құзыреттіліктерін дамыту, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануға байланысты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында әзірленген педагогикалық кадрлардың біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары өте өзекті болғандықтан көптеген көкейкесті мәселелерді қамтуда.

3. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген *«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы»* Қағидаларына сәйкес дайындалып, ұсынылуда.

4. Курстық оқытудың ұзақтығы бағдарлама тақырыбы мен мазмұнына сәйкес 72 академиялық сағатты құрайды.

2. Глоссарий

5. Курстың глоссарийі келесідей негізгі ұғымдарды қамтиды:

Түсінік	Түсініктің анықтамасы
Мүмкіндіктері шектеулі бала (балалар)	белгіленген тәртіппен расталған туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған ауруларға немесе жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);
Ерекше білім беру қажеттіліктері	ерекше қабілеттердің салдарынан немесе туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылыстардың, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларының салдарынан туындайтын оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттіліктер;
Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар	тиісті деңгейдегі білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе

(балалар)	уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау	білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;
Білім алу үшін арнаулы жағдайлар	мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнаулы оқу және жеке дамыту бағдарламаларын, оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;
Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау	қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені;
Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау	мүмкіндігі шектеулі балаларға тұрмыс-тіршілігіндегі шектелуді еңсеру және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін ұсынатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі;
Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру	білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет;
Арнайы білім беру	мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жағдай жасай отырып білім беру;
Арнайы оқу бағдарламалары	мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары негізіндегі және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен дамытуға бағытталған бағдарламалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарын ескере отырып айқындалатын білім алушылар мен

	тәрбиеленушілердің дене және психикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескереді. Арнайы оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген арнайы білім беру ұйымдарында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында немесе үйде іске асырылады;
Бейімделген оқу бағдарламасы	оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасы;
Жеке оқу бағдарламасы	зиятында бұзылыстары бар білім алушыларға арналған үлгілік бағдарлама негізінде және оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жасалған оқу бағдарламасы;
Оқудағы қиындықтар	жекелеген психикалық функциялар (есте сақтау, зейін, ойлау, эмоционалдық-ерік саласы) өз дамуында белгілі бір жасқа дейін қабылданған психологиялық нормалардан артта қалған кезде психикалық дамудың қалыпты қарқынының бұзылуы;
Оқытудың қиындықтарын психологиялық-педагогикалық жүйелеу	Оқу әрекетінің бұзылыстарының себептері, көріністері мен сипатын бағалаудың психологиялық-педагогикалық көрсеткіштерге негізделген оқытудағы әртүрлі қиындықтарды жүйелеу;

6. Терминдердің өзектілігі мен дәйектілігі олардың жалпы, арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың соңғы өзгерістеріне сәйкестігіне негізделген.

3. Бағдарламаның тақырыбы

7. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін арнайы мектепте оқыту әдістемелері мен ерекшеліктері» атты біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасының отандық білім беру жүйесінде баламасы жоқ деп сенімді түрде айта аламыз. Бағдарламаның жаңалығы арнайы мектеп жағдайында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытатын мектеп мұғалімдерінің ерекше білім беруді қажет ететін, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың түрлі санаттары мен аудиториясында берілетін тілдік пәндер мазмұнының жаңа форматта баяндалғандығында. Бұл бағдарлама Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-қолданбалы зерттеулері аумағында автор

өзінің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмысы нәтижесінде орындап, алғаш әзірлеп отыр.

8. Бағдарлама төмендегідей тақырыптарды қамтиды.

1-тақырып. Білім беру саласындағы халықаралық құжаттар мен отандық заңнама. Қазақстан Республикасының жалпы, арнайы және инклюзивті білім беру салаларына қатысты заңнамалық базасы және білім беру саласының даму стратегиялары.

2-тақырып. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың санаттары және олардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

3-тақырып. Мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері және сөйлеу тілі онтогенезін зерттеу нәтижелері. Мектеп жасындағы түрлі санаттардағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстар және оларды түзету жолдары.

4-тақырып. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға қазақ тілін оқытудың теориялық негіздері және тіл үйрету жұмысының түрлері мен әдістері.

5-тақырып. Арнайы мектептерде қазақ тілін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері. Қазақ тілін үйретуде интербелсенді әдістерді қолдану. Қазақ тілін деңгейлеп оқыту технологиялары.

6-тақырып. Қазақ тілінің әдістемесінде жаңа технологияларды қолдану. Практикалық тренингтер мен сабақтар.

7-тақырып. Қазақ тілін оқытудың түзете-дамыту бағыты.

8-тақырып. Көмекші мектеп оқушыларына қазақ тілін оқытудың теориялық негіздері және тіл үйрету жұмысының түрлері мен әдістері.

9-тақырып. Арнайы мектептерге арналған тілдік пәндер бойынша бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдарды талдау, пікір алмасу және сауалнама жүргізу.

10-тақырып. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік тұрғыдан бейімдеу мәселелері. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтендіру үдерісінің мазмұны.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

9. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – еліміздің Арнайы мектептерінде мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытып отырған педагог кадрлардың кәсіби қызметін атқару барысында кездесетін қиындықтары және қазіргі уақыттағы қажеттіліктерін ескере отыра, тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

10. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушылардың бойында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы жағдайлар жасау, оларды тәрбиелеу және оқыту барысында қолданыста бар білім беру саласындағы халықаралық құжаттар, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен заңға тәуелді актілерінің нормалары туралы ақпарат пен білімдерін пайдалану икемін қалыптастыру;

2) мүмкіндіктері шектеулі білім білім алушыларды арнайы білім беру ұйымдары жағдайында оқыту мен тәрбиелеу барысында тілдік пәндер бойынша мәселелерді өзектендіру;

3) арнайы мектептердің оқушыларын оқытудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттарын білу және түсінуге ынталандыру;

4) курс тыңдаушыларын түзете-оқыту үдерісінің технологияларын түсіну және қолдануға бағыттау;

5) тыңдаушыларда оқыту қиындықтарының себептері мен сипатын анықтау икемін дамыту;

6) тілдік пәндерді оқыту барысында оқу және сөйлеу дағдыларын меңгеруде қиындықтарға тап болған балаларды педагогикалық тұрғыдан қолдау дағдыларын жетілдіру;

7) мүмкіндіктері шектеулі балаларға тілдік пәндерді оқытуда қажет заманауи әдістер және арнайы технологияларды оқыту;

8) белгіленген критерийлер және пәнаралық көзқарас қағидаттарына сәйкес балалардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін бағалау дағдыларын қалыптастыру;

9) бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығын көтеру мақсатында интербелсенді әдістер мен деңгейлеп оқыту технологияларымен практикалық тренингтер және арнайы мектеп жағдайында өтетін сабақтар барысында таныстыру.

11. Оқытудан күтілетін нәтижелер. Тыңдаушылар:

1) мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы жағдайлар жасау, оларды тәрбиелеу және оқыту барысында нормативтік-құқықтық тұрғыдан негіздеме беруге қабілетті;

2) мүмкіндіктері шектеулі білім білім алушыларды арнайы білім беру ұйымдары жағдайында оқыту мен тәрбиелеу барысында тілдік пәндер бойынша мәселелерді өзектендіре алады;

3) арнайы мектепте тілдік пәндерді оқытудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттарын біліп, жұмыс барысында қолданады;

4) түзете-оқыту үдерісінің технологияларын түсініп, қолдануға машықтанған;

5) оқыту қиындықтарының себептері мен сипатын анықтауды меңгерген;

6) тілдік пәндерді оқыту барысында оқу және сөйлеу дағдыларын меңгеруде қиындықтарға тап болған балаларды педагогикалық тұрғыдан қолдау икемдері жетілдірілген;

7) мүмкіндіктері шектеулі балаларға тілдік пәндерді оқытуда қажет заманауи әдістер және арнайы технологияларды меңгерген;

8) белгіленген критерийлер және пәнаралық көзқарас қағидаттарына сәйкес балалардың білім беруде ерекше қажеттіліктерін бағалау дағдылары қалыптасқан;

9) интербелсенді әдістер және деңгейлеп оқыту технологияларымен таныс.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

12. Бағдарлама төмендегідей 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативті.

13. Нормативтік-құқықтық модуль:

1-тақырып. Білім беру саласындағы халықаралық құжаттар мен отандық заңнама. Қазақстан Республикасының жалпы, арнайы және инклюзивті білім беру салаларына қатысты заңнамалық базасы және білім беру саласының даму стратегиялары.

Дәрістер барысында Қазақстан Республикасы қатысушы мемлекет ретінде ратификациялаған халықаралық құжаттар, еліміздің Ата Заңы, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Білім туралы», «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау», «Кемтар балаларға әлеуметтік, медициналық, педагогикалық және психологиялық көмек көрсету арқылы қолдау», «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету туралы» заңдары, ведомствоаралық құжаттар мен мемлекеттік органдардың тарапынан дайындалған ресми қайнаркөздер талқыланып, басты баптары бойынша материалдар ұсынылады. Білім беру саласы, нақты айтатын болсақ арнайы мектептерде еңбек етіп отырған мамандарға мүмкіндіктері шектеулі балаларға көрсетілетін қызмет түрлері, түзете-педагогикалық қолдаудың қағидалары, мемлекет тарапынан кепілді түрде көрсетілетін көмек, мүгедектігі бар балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы ақпарат және мәліметтер толығымен қарастырылады әрі арнайы педагогика саласының қазіргі даму стратегиялары, Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді іс жүзіне асыру тенденциялары туралы дәріс материалдары оқытылады.

14. Психологиялық-педагогикалық модуль:

2-тақырып. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың санаттары және олардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

Қазақстан Республикасындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың санаттары, олар жайында деректер мен жіктеу тәртібі көрсетіліп, әр топтың сипаттамасы беріледі.

3-тақырып. Мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері және сөйлеу тілі онтогенезін зерттеу нәтижелері. Мектеп жасындағы түрлі санаттардағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстар және оларды түзету жолдары.

Аталмыш курс барысында Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-қолданбалы зерттеулері аумағында автордың жеке қатысуы және жетекшілігімен жүзеге асқан мектеп жасына дейінгі қалыпты дамыған қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің даму кезеңдері, фонетикалық, грамматикалық және лексикалық бірліктердің пайда болу жағдайларын зерттеген әрі тәжірибе арқылы дәлелдерге жеткен материалдардың ұсынылуы ерекше жайт. Себебі сөйлеу тілінің бұзылыстары, дамуында бұзылыстары мен кешеуілдеулері бар

балалардың нормадан ауытқуларын белгілеп, анықтау үшін бірінші кезекте қалыпты жағдайды білу қажет. Сондықтан осы тақырыпта оқылып отырған дәрістер баланың белгілі бір жасына сай сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері және сөйлеу онтогенезінің анықталған жайттары арқылы беріледі.

Онымен қоса зияты бұзылған, есту, көру қабілеттерінде бұзылыстары бар, сөйлеу тілінің бұзылыстары анықталған, күрделі және ауыр түрде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері сипатталып, мектеп жасындағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды түзету және алдын алу мәселелері талқыланады.

15. Мазмұндық модуль:

4-тақырып. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға қазақ тілін оқытудың теориялық негіздері және тіл үйрету жұмысының түрлері мен әдістері.

Дәрістер барысында арнайы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту әдістемесінің мақсат-міндеттері мен мазмұны талқыланып, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері және оның басқа ғылымдармен байланысы талқыланады. Арнайы мектеп оқушыларының қазақ тілін меңгеру ерекшеліктері және кезеңдері туралы мәлімет берілген соң қазақ тілі сабағының түрлері мен сабақтың негізгі құрылымдық компоненттері талданады. Әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі мен әліппеден кейінгі кезеңдер; «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқыту бағдарламалары бойынша теориялық материалдарды талдау және әдістемелік жұмыс жүргізіледі. Дыбыстық және әріптік талдау, фонетикалық талдама жасау т.б. өзекті мәселелер бойынша практикалық сабақтар енгізіледі.

Дәрістер мен практикалық сабақтар мүмкіндіктері шектеулі балалардың сөйлеу тілін жан-жақты дамыту, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін дәлелдеп, қалай үйлесімділік жұмысын жүргізуге болатыны, сөз байлығын арттыру жолдарына бағытталған теориялық негіздер жүйесін қамтиды.

5-тақырып. Арнайы мектептерде қазақ тілін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері. Қазақ тілін үйретуде интербелсенді әдістерді қолдану. Қазақ тілін деңгейлеп оқыту технологиялары.

Тіл меңгертуде қолданылатын жаңа әрі интербелсенді әдістер арқылы қазақ тілін оқыту үдерісін қалайша жетілдіруге болатынын дәрістер барысында талқылау мүмкіндігі туындайды. Жоғарыда аталған технологияларды арнайы мектептерде тіл үйрету үдерісі барысында қолдануға болатыны практикалық сабақтар барысында түсіндіріледі. Дәрістер барысында деңгейлеп оқыту жүйесінің жаңа қағидалары мен әдістерін көрсету арқылы қалыптасқан әдістемелік қағидаларға қосымша материалдар ұсынады. Тіл меңгеруде қолданылатын интерактивті әдістер арқылы қазақ тілін оқыту үдерісін қалайша жетілдіруге болатынын дәрістер барысында талқылау мүмкіндігі туындайды.

16. Технологиялық модуль.

6-тақырып. Қазақ тілінің әдістемесінде жаңа технологияларды қолдану. Практикалық тренингтер мен сабақтар.

Бұл топтағы дәрістер мен практикалық сабақтар арнайы мектепте «Қазақ тілі мен әдебиеті» және басқа да тілдік пәндерді оқытуда қолданылатын жаңа технологиялар мен интербелсенді әдістер туралы көрнекі түрде көрсетілген амалдар мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім, біліктілік, икемдері мен дағдыларын ары қарай дамытуға мол мүмкіндіктер береді.

Практикалық тренингтер мен панорамалық сабақтарды ұйымдастырудың негізгі мақсаты ретінде мұғалімдердің жинаған тәжірибелері мен білімдерін ортаға салып, сабақтарды өткізу әдістері мен тәсілдері, технологиялары және ерекше амалдар-тәсілдерді талқылау арқылы нәтижелерді ұсыну болып отыр. Әр топшада өткізілетін тәжірибе сабақтары жас мамандарға тәжірибелі мұғалімдердің жылдар бойы жинаған тәжірибелерін болашақта ескеріп, сабаққа дайындалу, оқыту әдістерін жетілдіру, нәтижелі дәріс беруге ұмтылдырады деген ойдамыз.

7-тақырып. Қазақ тілін оқытудың түзете-дамыту бағыты.

Балалардың сөйлеу тілінде кездесетін бұзылыстарға байланысты түзету және тілін дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері мен түрлі технологиялары көрсетіледі. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың сөйлеу тілін жан-жақты дамытуға, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ескеріп, үйлесімділік жұмысын қалай жүргізуге болатыны жайлы, сөз байлығын арттыру жолдарына бағытталған теориялық негіз бен практикалық әдістер жүйесін қамтиды. Оқушыларға тіл үйрету барысында сөз құрылымы мен құрамын дұрыс түсіндіріп, олардың біліктіліктері, икемдері мен дағдыларын дамытып, айтуға қажетті ойды және грамматика мен дұрыс жазуды жүйелі түрде үйретуге дайындау жұмысының түрлері мен әдістері дәрістерде жүйелі түрде беріледі деп жоспарлануда.

8-тақырып. Көмекші мектеп оқушыларына қазақ тілін оқытудың теориялық негіздері және тіл үйрету жұмысының түрлері мен әдістері.

Дәрістер барысында көмекші мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің мақсат-міндеттері мен мазмұны талқыланып, қазақ тілі әдістемесінің ғылыми негіздері және оның басқа ғылымдармен байланысы талқыланады. Курс барысындағы дәрістер мен практикалық сабақтар барысында көмекші мектепте қазақ тілін оқытудың әдістемелік қағидалары туралы баяндалады. Көмекші мектеп оқушыларының қазақ тілін меңгеру ерекшеліктері мен кезеңдері туралы мәлімет берілген соң көмекші мектептегі қазақ тілі сабағының түрлері мен сабақтың негізгі құрылымдық компоненттері талданады.

17. Вариативті модуль:

9-тақырып. Арнайы мектептерге арналған тілдік пәндер бойынша бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдарды талдау, пікір алмасу және сауалнама жүргізу.

Аталған дәрістер барысында тек қана көмекші мектептердің ғана емес, барлық арнайы мектептерге арналған «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» т.б. тілдік пәндер бойынша бағдарламалар, оларды қолдану барысында туындаған сұрақтар, жоғарыда аталған әр пән бойынша баспадан

шыққан оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдар талданып, олардың кемшіліктері мен жетістіктері аталып, ескертпелер тізімі жасалып, сауалнама жүргізіледі.

10-тақырып. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік тұрғыдан бейімдеу мәселелері. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтендіру үдерісінің мазмұны.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеудің ғылыми-әдістемелік негіздері мен әлеуметтік бейімдеудің әдіс-тәсілдері талданады. Дәрісте және практикалық сабақта әлеуметтендіру анықтамасы мен мазмұны туралы мағлұмат беріледі. Әлеуметтендірудің негізгі үш факторы туралы сөз қозғалады. Сонымен қатар мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтендіру бойынша әртүрлі ғалымдардың пікірлері мен көзқарастары талқыланады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

18. Курстық оқытудың ұзақтығы аталмыш бағдарлама тақырыбына сәйкес 72 академиялық сағатты құрайды.

19. Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтан оқыту (онлайн) форматында жүзеге асырылады.

20. Білім беру үдерісі оқытудың төмендегідей интербелсенді түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтық және жұптық түрде практикалық жұмыс, топтардағы тренинг, шеберлік сыныбы, кейс әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу, сонымен қатар аралас оқыту режимі жағдайында курсқа арналған вебинар, онлайн дәріс және тыңдаушының өздігінен оқуы.

21. Педагогтардың Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін тақырыптар мен мәселелерді талқылау және рефлексиялаумен қатар топтарда жұмысты кеңінен қолдану; құжаттармен жұмыс жасау; ұжымдық жұмыстарды таныстыру және талдау; шағын топтарда теория мен практика және кейс-стадидің негізгі мәселелерін талқылау; мамандардың жеке және командалық жұмыстарының тұсаукесерлері, оларды талқылау және түрлі тренингтер қарастырылған.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

22. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегілерді қамтиды:

- 1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) бағдарламаның модульдік ұйымдастырылуы;
- 3) мұғалімдердің білім алушылардың оқу үдерісі барысында ерекше қажеттіліктерін терең бағалау мен нәтижелерін талдауына арналған үлестірмелі материалдар. Пән бойынша жеке-дамыту бағдарламаларын жасау және нәтижесін көрсететін үлестірмелі материалдар;
- 4) кіріс сауалнама парақтары;

5) бақылау жұмысының материалдары;

6) тестілік тапсырмалар;

7) кері байланыс сауалнамалары.

23. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету оқытудың дидактикалық жүйесі төмендегідей қағидаттарға негізделеді:

- оқу материалын ұсынудың жүйелілігі мен қисынды кезектілігі;
- мазмұнның тұтастығы және практикалық маңыздылығы;
- оқу материалын көрнекі түрде ұсыну.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

24. Тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыру және білімдерін бағалауды бақылау мақсатында: жедел сауалнамалар, өздік жұмыстар, қорытынды бақылау жұмыстары жүргізіледі. Өздік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс үшін сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

25. Тыңдаушылардың бойында кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау, бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы кері байланысты жүзеге асыру үшін бағдарламаның әрбір тақырыбы аумағында бақылау тапсырмаларын (өздік жұмыстар, сауалнама парақтары және т.б.) және қорытынды бақылау жұмысының мазмұнын әзірлейді. Алынған кері байланыс негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материал (құжаттама үлгілері, қолданылатын әдебиет, дидактикалық материалдар тізімі, бейне материалдар және т.б.) таңдалады, бағдарлама мазмұнына қатысты қосымша түсініктеме жұмысы жүргізіледі. Қорытынды бақылау жұмысын орындау мынадай критерийлерге сәйкес бағаланады: орындалған жоқ (дұрыс жауаптар ұсынылған жоқ), ішінара орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан аз), орташадан жоғары орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін), толықтай орындалды (дұрыс жауаптар 70-100% аралығында). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың кемінде 70%-н жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі қолдау кезеңінде кеңес беру мазмұны жоспарланады.

26. Педагогтардың қызметін бағалау бақылау және тест тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша, курстардан өту барысында белсенділік таныту және практикалық жұмысқа қатысу бойынша жүзеге асырылады.

27. Педагогтың жеке және кәсіби дамуына бағытталған біліктілікті арттыру үдерісінің тиімділігі мен нәтижелілігінің критерийі тыңдаушының курстық дайындық кезінде және курстан кейінгі кезеңде көрсеткен кәсіби белсенділігі болып табылады.

9. Курстан кейінгі қолдау

28. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау оқыту аяқталғаннан кейінгі бір жыл және одан да көп уақыт ішінде төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

- жеке, топтық кеңес беру (оның ішінде бейнеконференция режимінде);
- мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалана отырып, әдістемелік және нормативтік-құқықтық қолдау;
- әдістемелік тұрғыдан тақырыптық семинарлар мен тренингтер (оның ішінде вебинарлар);
- онлайн-форумдар;
- «дөңгелек үстелдер».

29. Курстан кейінгі қолдау барысында курсанттардың сабақ беру және тәрбие жұмысын жүргізу нәтижелерін талдау мақсатында әдістемелік семинар және топтық кеңес беру, Zoom платформасы негізінде оқу үдерісінің ерекшеліктері мен ресурстарын белгілеу жұмыстары ұйымдастырылады.

30. Курстардан өткеннен кейін тыңдаушыларды қолдау жоспарлы семинарлар, тренингтер, вебинарлар, конференциялар, сайыстар, «дөңгелек үстелдер» өткізу арқылы біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамының желілік өзара әрекеттері, сондай-ақ түрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, орталықтың сайты, ватсап пен мессенджерлер арқылы чаттар мен топтар, тәжірибе алмасу және т.б.) қолдану арқылы жеке қарым-қатынас (сұрақтарға жауаптар, түсіндіру, ұсынымдар жасау түрінде) барысында жүзеге асырылады. Онымен қоса жарияланым, педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін дайындауда кеңес беру (жарияланым мақалалары, әдістемелік құралдар және әдістемелік тәжірибе); біліктілікті арттыру курстарынан өткен және алған білімдері, икемдері, дағдыларын практикада табысты қолданатын педагогтарды тәжірибе алмасу бойынша шараларға қатысуға тарту, сондай-ақ курс тыңдаушыларына олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті талдау қызметінде әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру бар.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы (1948 жылғы желтоқсанның 10-нда қабылданған).

2. Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы Конвенция (1960 жылғы желтоқсанның 14-нде бекітілген).

3. Ақыл-есі кем тұлғалардың құқықтары туралы Декларация (1971 жылғы желтоқсанның 20-нда қабылданған).

4. Мүгедектер құқықтары туралы Декларация (1975 жылғы желтоқсанның 9-нда бекітілген).

5. Бала құқықтары туралы Конвенция (Нью-Йорк, 1989 жылғы қарашаның 20-нда қабылданған).

6. Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция (Нью-Йорк, 2006 жылғы желтоқсанның 13-нде бекітілген).

7. Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация (Нью-Йорк, 1990 жылғы қыркүйектің 30-нда қабылданған).

8. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

9. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының Кодексі.

10. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (7.03.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен).

11. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Заңы (2021 жылғы 26 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен).

12. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы.

13. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы.

14. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 433-V ҚРЗ Заңы.

15. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

16. «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» ҚР 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ Заңы.

17. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы ҚР Үкіметінің 03.06.2020 № 346 қаулысының редакциясында.

18. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚР Заңы.

19. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 12 қазандағы ҚР Заңы.

20. «Қазақстан Республикасының 76 заңнамалық актісіне өзгерістер енгізуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті 2022 жылғы 27 маусымдағы Заңы.

21. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік Кодексі.

22. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

23. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

24. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 ж. № 121 бұйрығының редакциясында).

25. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балаларға және ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. 2-қосымша. Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

26. «Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы.

27. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы 2018 жылғы 14 маусымдағы өзгерістермен.

28. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

29. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, орта) ҚР БҒМ 2020.05.05 № 182 бұйрығының редакциясында.

30. Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы.

31. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін

пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы.

32. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 51 бұйрығы.

33. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығы

34. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

35. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, орта) ҚР БҒМ 2020.05.05 № 182 бұйрығының редакциясында.

36. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына 2018 жылғы 14 маусымда өзгерістер енгізілді.

Қосымша әдебиеттер тізімі

37. Бекмұхамбетова К.Б., Биисова А.К. т.б. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 2-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 152 б.

38. Биисова А.Қ., Байтурсынова А.А., Джусупкалиева Л.Ж. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 3-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020. – 148 б.

39. Биисова А.Қ., Джусупкалиева Л.Ж. Қазақ тілі. Арнайы мектептердің (сыныптардың) зерде бұзылыстары бар 4-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 160 б.

40. Бекмұхамбетова К.М., Биисова А.Қ. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 160 бет.

41. Биисова А.Қ., Байтурсынова А.А., Жалетденова Ф.Б. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020. – 148 б.

42. Бекмұхамбетова К.М., Биисова А.Қ. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 148 бет.

43. Биисова А.Қ., Жалетденова Ф.Б. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020. – 196 б.

44. Биисова А.Қ., Жалетденова Ф.Б. Қазақ тілі. Арнайы мектептердің (сыныптардың) зерде бұзылыстары бар 9-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 224 б.

45. Сүлейменова Р.А., Есенжолова Г.Ж. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 2-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 136 бет.

46. Есенжолова Г.Ж. Қазақ тілі. Оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) зерде бұзылыстары бар 4-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 164 б.

47. Сүлейменова Р.А., Есенжолова Г.Ж. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 128 бет.

48. Есенжолова Г.Ж., Ермағамбет Ә.Ы. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020. – 128 б.

49. Сүлейменова Р.А., Есенжолова Г.Ж. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 128 бет.

50. Есенжолова Г.Ж., Ермағамбет Ә.Ы. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020. – 180 б.

51. Мельникова Т.В., Есенжолова Г.Ж. Қазақ тілі. Оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) зерде бұзылыстары бар 9-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 224 б.

52. Хазимова А.Ж., Салыхова Б.У., Бейсебекова М.Ж. Қазақ тілі: Учебник для 1 класса общеобразовательной школы с русским языком обучения. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2016. Адаптировано на шрифт Брайля по заказу Министерства образования и науки Республики Казахстан – Алматы: ТОО

«Центр САТР» 2018 г.

53. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы Білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық.– Алматы: «Атамұра», 2017. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Брайль қарпіне «ӘБЕО орталығында» бейімделді – Алматы. ЖШС «ӘБЕО орталығы» 2019 ж. Он бір кітапта.

54. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы Білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. – Алматы:«Атамұра», 2018. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Брайль қарпіне «ӘБЕО орталығында» бейімделді. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020 ж. Сегіз кітапта.

55. Дәулетбекова Ж., Қосымова Г. Қазақ тілі. Жалпы Білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2017. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Брайль қарпіне «ӘБЕО орталығында» бейімделді – Алматы. ЖШС «ӘБЕО орталығы» 2019 ж. Төрт кітапта.

56. Ермекова Т.Н., Ильясова Н.Ә., Тоқтыбаева Г.Б. Қазақ тілі. Жалпы Білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы «Арман-ПВ» баспасы, 2017. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Брайль қарпіне «ӘБЕО орталығында» бейімделді. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020 ж. Үш кітапта.

57. Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. Қазақ әдебиеті. Жалпы Білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Брайль қарпіне «ӘБЕО орталығында» бейімделді. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020 ж. Төрт кітапта.

58. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. 3 бөлімді. – Алматы, 2019. – 132 б.

59. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018-128 б. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген.4 бөлімді. – Алматы, 2020. – 96 б.

60. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді.– Алматы: Атамұра, 2019. – 144 б.

61. Дәулетбекова Ж., Қосымова Г. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. 2 бөлімді. – Алматы, 2019. – 196 б.

62. Әрінова Б.А., Раева Г.М., Кәрімова Г.С., Жүмекенова Л.К. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. 2 бөлімді.– Алматы, 2021. – 220 б.

63. Ақтанова А.С., Жундибаева А.К., Жүмекенова Л.К. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. – Алматы, 2021. – 228 б.

64. Ермекова Т.Н., Ильясова Н.Ә., Тоқтыбаева Г.Б. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. – 192 б. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. 2 бөлімді. – Алматы, 2020. – 184 б.

65. Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. – 192 б. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. 2-бөлімді.– Алматы, 2020. – 164 б.

66. Ермекова Т.Н., Бертілеуова К.Ә., Абишева Р.А. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 240 б. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. 2 бөлімді.– Алматы, 2022. – 256 б.

67. Тұрсынғалиева С.Ч., Рыскелдиева Г. Д. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 272 б. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. 2 бөлімді. – Алматы, 2022. – 248 б.

«Мүмкіндіктері шектеулі балаларға
«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін
арнайы мектепте оқыту әдістемелері
мен ерекшеліктері» атты білім беру
бағдарламасына № 1 қосымша

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтар тақырыбы	Дәріс	Практ. сабақ	Тренинг	Жобаны қорғау	Тест	Барлығы
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	8					8
1.1.	Білім беру саласындағы	4					4

	халықаралық құжаттар мен отандық заңнама.						
1.2.	Қазақстан Республикасының жалпы, арнайы және инклюзивті білім беру салаларына қатысты заңнамалық базасы және білім беру саласының даму стратегиялары.	4					4
2.	Психологиялық-педагогикалық модуль	12					12
2.1.	Мүмкіндіктері шектеулі балалардың санаттары және олардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.	4					4
2.2.	Мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері және сөйлеу тілі онтогенезін зерттеу нәтижелері.	4					4
2.3.	Мектеп жасындағы түрлі санаттардағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстар және оларды түзету жолдары.	4					4
3.	Мазмұндық модуль	18	2		2	1	23
3.1.	Мүмкіндіктері шектеулі балаларға қазақ тілін оқытудың теориялық негіздері және тіл үйрету жұмысының түрлері мен әдістері.	4					4
3.2.	Арнайы мектептерде қазақ тілін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері.	4	2		2		8
3.3.	Қазақ тілін үйретуде интербелсенді әдістерді қолдану.	4					4
3.4.	Қазақ тілін деңгейлеп оқыту технологиялары.	6					
4.	Технологиялық модуль	12	4		4	1	21
4.1.	Қазақ тілінің әдістемесінде жаңа технологияларды қолдану. Практикалық тренингтер мен сабақтар.	4	2		2		8
4.2.	Қазақ тілін оқытудың түзете-дамыту бағыты.	4			2		8
4.3.	Көмекші мектеп оқушыларына қазақ тілін оқытудың теориялық негіздері және тіл үйрету жұмысының түрлері мен	4					4

	әдістері.						
5.	Вариативтік модуль	6		2			4
5.1.	Арнайы мектептерге арналған тілдік пәндер бойынша бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдарды талдау, пікір алмасу және сауалнама жүргізу.	2		2			4
5.2.	Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік тұрғыдан бейімдеу мәселелері. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтендіру үдерісінің мазмұны.	4					
Барлығы:		56	6	2	6	2	72